



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Сапа бойынша есеп

*2020 жылғы әлеуметтік қызметтерді ұсыну
жөніндегі ұйымдар*

Мазмұны

- S. 1 Байланыс деректері
- S. 2 Кіріспе-Өзектілігі
- S. 3 Метадеректерді жаңарту
- S. 4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S. 5 Өлшем бірлігі
- S. 6 Есепті кезең
- S. 7 Құқықтық негіз
- S. 8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S. 9 Жариялау саясаты
- S. 10 Тарату жиілігі
- S. 11 Тарату форматы, қол жетімділігі және айқындылығы
- S. 12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S. 13 Сапаны басқару
- S. 14 Өзектілігі
- S. 15 Дәлдік пен сенімділік (бақылау түрін ескере отырып толтырылады)
- S. 16 Уақтылық және ұқыптылық
- S. 17 Салыстыру
- S. 18 Консистенциясы
- S. 19 Жүктеме
- S. 20 Деректерді қайта қарау
- S. 21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S. 22 Ескертулер

S. 1 Байланыс деректері

S. 1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

S. 1. 2 Құрылымдық бөлімше

Әлеуметтік және демографиялық статистика департаменті

Байланысатын тұлғаның аты

Нұржанова Айнұр Абайқызы

S. 1.2.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Ханжігітов Нұрлан Еркенұлы

S. 1. 5 Байланыс тұлғасының пошталық мекенжайы

010000, Қазақстан, Нұр-Сұлтан, Есіл өзенінің сол жағалауы, Мәңгілік Ел көшесі, 8 Министрліктер үйі, 4 - кіреберіс

S. 1. 6 Байланыс тұлғасының электрондық пошта мекенжайы

ain.nurzhanova@aspire.gov.kz

S. 1. 7 Байланыс тұлғасының телефон нөмірі

8 (7172) 74 92 58

S. 2 Кіріспе-Өзектілігі

Бұл статистикалық байқау әлеуметтік қамсыздандыру саласына жатады. Статистикалық нысан бастапқы есепке алу құжаттамасының деректері негізінде жасалады. Арнаулы әлеуметтік қызметтерді алушылар – психоневрологиялық ауытқулары бар мүгедек балалар, тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедек балалар, психоневрологиялық аурулары бар он сегіз жастан асқан мүгедектер, бірінші және екінші топтағы мүгедектер, егде жасына байланысты өзіне - өзі қызмет көрсетуге қабілетсіз адамдар, белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар, тұрмыстық зорлық - зомбылық және адам саудасы құрбандары, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және (немесе) пробация қызметінде есепте тұрған адамдар.

S. 3 Метадеректерді жаңарту

S. 3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

S. 3. 2 Метадеректерді соңғы орналастыру

19.03.2021

S. 3. 3 Метадеректерді соңғы жаңарту

19.03.2021

S. 4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S. 4. 1 Деректер сипаттамасы

Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартына сәйкес арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жөніндегі ұйымдар мынадай ұйымдар түрлерін қамтиды:

стационарлық және жартылай стационарлық үлгідегі, уақытша болу, арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетудің бірнеше шарттарымен.

Статистикалық есептілікте арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну жөніндегі ұйымдар және осы ұйымдарда тұратын контингент бойынша деректер тірек-қимыл аппараты бұзылған және психикалық мінез-құлқы бұзылған мүгедектер бөлінісінде жергілікті жердің типтері, меншік нысандары, жасы, мүгедектік топтары бойынша келтіріледі.

S. 4. 2 Жіктеу жүйесі

1. Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші (ӘАОЖ ҚР СК 11-2009);
2. Меншік нысандары мен түрлерінің жіктеуіші (КФС).

S. 4. 3 Секторлық қамту

Арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну жөніндегі деректерді қалыптастыру үшін стационарлық үлгідегі, жартылай стационарлық үлгідегі ұйымдардың, уақытша болу ұйымдарының, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетудің бірнеше шарттары бар ұйымдардың саны (өңірлер бөлінісінде, жергілікті жер типі бойынша, меншік нысаны бойынша), оларда тұратындар саны (жынысы бойынша, жасы бойынша, топтары бойынша, өңірлер бөлінісінде, жергілікті жер типі бойынша, меншік нысаны бойынша) пайдаланылады. Бұдан басқа, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жөніндегі ұйымдарда қызмет көрсететін персонал туралы мәліметтер қалыптастырылады.

S. 4.4 Статистикалық тұжырымдамалар мен анықтамалар

1. Байқау типі жаппай;
2. Респонденттер тобы-меншік нысанына және ведомстволық тиесілігіне қарамастан, қызметі халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге бағытталған заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері (Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің 87, 88-кодтары) ұсынады.

Ұсыну мерзімі-есепті кезеңнен кейінгі 20 - қаңтарға (қоса алғанда) дейін;

3. Деректерді жинау құралы - «Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жөніндегі ұйымның есебі» жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны, индексі 3 - әлеуметтік қамсыздандыру, кезеңділігі-жылдық. Статистикалық нысан ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz. сайтында «Респондентер үшін» бөлімінде қолжетімді

S. 4. 5 Статистикалық объект

Арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну жөніндегі ұйымдар.

S. 4. 6 Бас жиынтық (зерттеу бірліктерін таңдау қағидаты)

Жоқ

S. 4. 7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы (14 облыс, республикалық маңызы бар қалалар және

астана)

S. 4. 8 Уақыттық қамту

2003-2020

S. 4. 9 Базалық кезең

Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырылады

S. 5 Өлшем бірлігі

Адам

S. 6 Есепті кезең

жыл

S. 7 Құқықтық негіз

S. 7. 1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257-IV Заңы;

2. Заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілетін Статистикалық жұмыстар жоспары;

3. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі;

4. «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру статистикасы бойынша жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2020 жылғы 30 қаңтардағы № 12 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылы 5 ақпанда № 19980 болып тіркелді.

S. 8 Құпиялылық және деректерді қорғау

S. 8. 1 Құпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257 - IV Заңының 8-бабы, оған сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің құпиялылығына кепілдік және оларды қорғау қамтамасыз етіледі.

2. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы № 20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі - Саясат) Ұлттық статистика бюросының ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басшылық қағидаттары мен

практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты Ұлттық статистика бюросының есептеу техникасы құралдарында сақталатын және өңделетін ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, ақпараттың құпиялылығын оның тұтастығы мен тең түпнұсқалығы шартында қамтамасыз ету болып табылады.

S. 8.2 Құпиялылық – деректермен жұмыс

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрде ғылыми мақсаттарда беру және пайдалану қағидалары. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылы 13 тамызда № 6388 болып тіркелді.

S. 9 Жариялау саясаты

S. 9. 1 Жарияланымдар күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257-IV Заңының 26-бабы 1, 2-тармақтары. Статистикалық жұмыстар жоспары және Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz сайтында басты / «Маңызды» / «Негізгі құжаттар» бөлімінде орналастырылған.

S. 9.2 Кестеге қолжетімділік

ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz сайтында Басты бет / «Маңызды» / «Негізгі құжаттар» бөлімінде барлық пайдаланушылардың бір мезгілде және тең қолжетімділігі

S. 9. 3 Пайдаланушы үшін қолжетімділік

ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz сайты / Басты бет / Ресми статистика / Салалар бойынша / Әлеуметтік қамсыздандыру статистикасы

S. 10 Тарату жиілігі

жыл

S. 11 Тарату форматы, қол жетімділігі және айқындылығы

S. 11. 1 Жаңалықтар жарияланымдары

«2020 жылы Қазақстан Республикасында арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну жөніндегі көрсететін ұйымдар туралы» хабарламасы, жариялау мерзімі - 2021 жылғы 20 сәуір.

S. 11. 2 Жарияланымдар

ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz сайты / Басты бет / Ресми статистика / Салалар бойынша / Әлеуметтік қамсыздандыру статистикасы / Бюллетеньдер / «Арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну жөніндегі ұйымдар»

S. 11.3 on-line режимдегі деректер базасы

ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz сайты / Басты бет / "Талдау" ИАЖ / Әлеуметтік қамсыздандыру статистикасы

S.11.3.1 AC1. Деректер кестесі-кеңестер

Іске асырылмаған.

S. 11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Ресми статистиканы дайындау мақсатында жиналатын деректерді тарату «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 8-бабында көзделген талаптарға негізделеді, оған сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің құпиялылығына кепілдік және қорғалуы қамтамасыз етіледі. Микродеректерге қолжетімділік және микродеректердің анонимділігі Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген Дерекқорларды сәйкестендірілмеген түрде ғылыми мақсаттарда беру және пайдалану қағидаларымен реттеледі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылы 13 тамызда № 6388 болып тіркелді.

S. 11.5 Өзгелер

Ақпаратты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі пайдаланады.

S.11.5.1 AC2. Метадеректер-кеңестер

Іске асырылмаған.

S. 12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S. 12. 1 Әдіснама бойынша құжаттама

Статистика бойынша әдіснамалық ереже Астана 2018 жылғы, төртінші басылым, толықтырылған. Әдіснама ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz сайтында / Басты бет / Әдіснама орналастырылған

S. 12. 2 Сапа құжаттамасы

1. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының басшысы 2020 жылғы 16 қарашада бекіткен Сапа саласындағы саясат;
2. Сапа менеджменті жүйесінің құжатталған ақпараты: Сапа жөніндегі нұсқаулық; Құжатталған рәсімдер; Нұсқаулықтар; Үдерістер карталары;
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу процесін сипаттаудың үлгілік әдістемесі;
4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

S. 13 Сапаны басқару

S. 13. 1 Сапаны қамтамасыз ету

- Әлеуметтік қамсыздандыру статистикасы бойынша деректердің сапасы мен

дұрыстығы:

- алғашқы есепке алудың негізгі қағидаттарын сақтау;
- стандартты статистикалық жіктелімдерді қолдану;
- алғашқы деректерді жинау және өңдеу кезеңдерінде бақылаудың барлық схемалары (форматтық-логикалық, арифметикалық) әзірленді және енгізілді;
- алғашқы деректердің дұрыстығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпарат алу мүмкіндігі бар;
- статистикалық деректерге салыстырмалы талдау жүргізіледі (серпінде).

S. 13.2 Сапаны бағалау

Сапа әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы халықаралық және ұлттық жіктеуіштерді қатаң қолданумен және деректердің анықтығымен қамтамасыз етіледі

S. 14 Өзектілік

S. 14. 1 Қажеттіліктер

Негізгі пайдаланушылар: мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар. Статистикалық ақпарат ҚР әлеуметтік-экономикалық жағдайын талдау үшін қажет (әлеуметтік қамсыздандыру саласында).

S. 14. 2 Пайдаланушылардың қанағаттануы

ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы жыл сайын Q-002 «Пайдаланушыларға сауал салу» сауалнамасына сәйкес ресми статистикалық ақпаратты пайдаланушыларға сауал салу жүргізеді. Сонымен қатар, құзырет шегінде пайдаланушылардың сұрауларына жауаптар ресми түрде де, жұмыс тәртібінде де қалыптастырылады.

S. 14. 3 Толықтығы / R1. Деректердің толықтығы-үлес

Қолданылмайды.

S. 15 Дәлдік пен сенімділік (байқау түрі ескеріле отырып толтырылады)


S. 15. 1 Жалпы дәлдік

Жылдық деректерді өнде кезінде, есептерді толық алмау шартында немесе ЭҚЖЖ 87, 88 - кодтарымен арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну бойынша ұйымдардан дұрыс емес есептерді алған кезде өткен жылғы деректермен салыстыруға талдау жүргізіледі (ұйым есеп берді ме, өткен жылғы деректермен салыстырғанда жылдық деректер қаншалықты өзгерді). Бұдан басқа, есеп беретін респонденттер үшін нұсқаулықта кіріс деректерінің арифметикалық-логикалық бақылауы жазылған. Есептілікті оп-line режимінде тапсыру кезінде бақылау автоматты түрде тексеріледі.

Дәлдік пен сенімділікті талдау төменде келтірілген:

Қазақстан Республикасының арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну жөніндегі ұйымдарының саны


бірлік



Талдау көрсеткендей, арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну жөніндегі ұйымдардың саны 2016 жылдан бастап 2020 жылға дейін 77 бірлікке азайды.

Қазақстан Республикасының арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну жөніндегі ұйымдарының типтері

бірлік



Стационарлық үлгідегі арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну жөніндегі

ұйымдардың жалпы саны 2020 жылы 162 бірлікті құрады.

2016 жылмен салыстырғанда стационарлық үлгідегі арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну жөніндегі ұйымдардың азаюы байқалады.

Қаралып отырған 5 жыл ішінде жартылай стационарлық үлгідегі арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету жөніндегі ұйымдардың саны айтарлықтай өзгерген жоқ. Сонымен қатар, 2016 жылмен салыстырғанда 2020 жылы 4 бірлікке ұлғаюы байқалады.

Сонымен қатар, уақытша болу ұйымдары бойынша теріс серпін байқалады және 2020 жылға қарай олардың саны 26 бірлікті құрайды.

S. 15. 2 Іріктеме қатесі-индикаторлар / А1.

Қолданылмайды.

S. 15. 3 Іріктеумен байланысты емес қате

Қолданылмайды.

S. 15.3.1 Қамту қатесі

Қолданылмайды.

S.15.3.1.1 А2.Қамту арттыру-үлес

Қолданылмайды.

S.15.3.1.2 А3.Жалпы бірліктер-арақатынас

Қолданылмайды.

S. 15.3.3 Жауап жоқ болуы қатесі

S.15.3.3.1 А4.Жауап жоқ болу бірлігі-үлесі

Қолданылмайды.

S.15.3.3.2 А5.Жауап болмау тармағы-үлес

Қолданылмайды.

S. 16 Уақтылық және ұқыптылық

S. 16. 1 Уақтылығы

S.16.1.1 TP1.Күту кезеңі-алғашқы нәтижелер

Бюллетеньдегі алғашқы нәтижелер респонденттердің алғашқы статистикалық ақпаратты ұсыну мерзімінен кейін 58-ші күні жарияланады және түпкілікті болып табылады.

Шығару күні Статистикалық жұмыстар жоспарында және Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесінде бекітілді және жарияланды.

S.16.1.2 TP2.Күту кезеңі-соңғы нәтижелер

Алғашқы нәтижелер түпкілікті болып табылады. Бюллетень 2021 жылға арналған Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес 19.03.2021 ж.жарияланды.

S. 16. 2 Ұқыптылық

S. 16.2. 1 Ұқыптылық / TP3

Деректер ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілетін Статистикалық

жұмыстар жоспарына және ҚР СЖРА ҰСБ басшысының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесіне сәйкес жарияланады.

Нақты және жоспарланған күндер сәйкес келеді, 2020 жылы жарияланымның бұзылуы болған жоқ.

Егер жарияланым демалыс немесе мереке күндеріне түссе, жарияланымды шығару келесі күнге ауыстырылады.

S. 17 Салыстырмалылық

S. 17. 1 Географиялық салыстырмалылық

Қазақстан Республикасы аумағының шегінде.

S. 17. 1. 1 Ағындардың айналы статистикасы бойынша ассиметрия-коэффициент / СС1

Қолданылмайды.

S. 17. 2 Салыстырмалы уақыт қатарларының ұзақтығы / СС2

Серпінділік қатары 2003 жылдан бастап салғастырымды және үздіксіз.

S. 18 Келісушілік

S. 18. 1 Сыртқы келісушілік, айқаспалы

Зерттеу құралдары келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленген: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 26 наурыздағы № 165 бұйрығымен бекітілген Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттары (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11038 болып тіркелген);

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 24 ақпандағы № 138 бұйрығымен бекітілген Адам саудасының құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттары (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13543 болып тіркелген);


Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 21 желтоқсандағы № 1079 бұйрығымен бекітілген Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттары (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14701 болып тіркелген).

S. 18. 2 Ішкі келісушілік

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жөніндегі ұйымдарда тұратын контингенттің ішкі келісімділігі болады.

Арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну жөніндегі ұйымдарда тұратын контингенттің үлесі

пайызбен



- Жасы бойынша зейнеткерлер
- Жалғыз, туысы жоқтар
- Ұлы Отан соғысына қатысушылар
- Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар
- Белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар
- Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары
- ақылы шарттарда тұратындар

2020 жылы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жөніндегі ұйымдарда тұратын контингенттің үлесі мыналарды қамтиды:

жасы бойынша зейнеткерлер 70,5%;

жалғыз, туысы жоқтар 20,1%;

бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар 4,9%;

ақылы шарттарда тұратындар 3,8%;


белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар 0,3;

тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары 0,3%;

Ұлы Отан соғысына қатысушылар 0,1.

Арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну жөніндегі ұйымдарда тұратын әйелдер саны

адам



Талдау көрсеткендей, арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну ұйымдарында тұратын әйелдердің ең көп саны 2016 жылға келеді, 2017 жылы күрт құлдырау байқалады.

2020 жылы арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну ұйымдарында тұратын әйелдер саны 19228 адамды құрайды.

S. 19 Жүктеме

Арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну жөніндегі ұйымдар бойынша деректерді жинау респонденттің қалауы бойынша электрондық түрде және қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады.

Деректерді жинау онлайн режимде жүзеге асырылады, онда респондент үшін типтік енгізу қателерін болдырмайтын автоматтандырылған арифметикалық-логикалық бақылаулар көзделген.

Ақпаратты өңдеу процестері жергілікті бағдарламалық кешендерді қолдана отырып автоматтандырылған, кіріс және шығыс ақпаратты бақылау көзделген.

2020 жылы есеп берген респонденттердің саны 841 құрады, оның 85,5%-ы on-line режимде есеп берді.

S. 20 Деректерді қайта қарау

S. 20. 1 Деректерді қайта қарау / А6

Статистикалық құралдар мынадай жағдайларда қайта қаралады:

- НҚА өзгерістер енгізу;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмалары;
- статистикалық әдіснаманы халықаралық стандарттарға сәйкестікке келтіру.

2020 жылы ресми статистикалық ақпаратты қайта қарау болған жоқ.

ҚР СЖРА ҰСБ және ҚР Еңбекмині арасында статистикалық деректердің қайталануын және сәйкессіздігін болдырмау мақсатында 2022 жылға арналған Статистикалық жұмыстар жоспарынан «Арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну жөніндегі ұйымның есебі» (индексі 3-әлеуметтік қамтамасыз ету, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын алып тастау және оны Еңбекминіне беру бойынша жұмыс жүргізілуде.

S. 21 Статистикалық деректерді өңдеу

S. 21. 1 Бастапқы деректер

Арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну жөніндегі ұйымдар бойынша деректер жиынтығы «Арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну жөніндегі ұйымның есебі» статистикалық нысаны бойынша алғашқы статистикалық ақпарат көздеріне негізделеді.

S. 21. 2 Тексеру кезеңділігі

жыл

S. 21. 3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Деректерді жинау «Арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну жөніндегі ұйымның есебі» 3-әлеуметтік қамтамасыз ету статистикалық нысанын толтыру арқылы қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Электрондық түрде ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған «Деректерді on-line режимде жинау» ақпараттық жүйесін пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

S. 21. 4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Алғашқы статистикалық деректерді өңдеу рәсімі форматтық-логикалық бақылауды қамтиды.

Алғашқы статистикалық деректердің анықтығын тексеру мыналарды қамтиды:
респонденттердің қамтылуын тексеру;

Статистикалық деректерді басқа нысандың деректерімен салыстыру.

S. 21. 5 Импутация - үлесі / А7

Қолданылмайды.

S. 21. 6 Түзету

S. 21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Қолданылмайды.

S. 22 Ескертулер